



БҰЙРЫҚ

2011ж. « 13 » *қыркүйек*
№ 1-18/909

ПРИКАЗ

№ 1-18/909
« 13 » *сентября* 2011г.

**2011-2012 оқу жылында Павлодар қаласының
оқу мекемелеріндегі алғашқы әскери
дайындық пәнін оқыту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 27-бабы, 2 тармағы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі “Әскери қызмет және әскери міндеттілік туралы” Заңының 11-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы “Әскери қызметке мемлекеттік органдармен азаматтарды дайындауды қамтамасыз ету және ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы” № 449 қаулысын орындау үшін, сондай-ақ жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіби, орта білімнен кейін кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын Павлодар қаласының білім беру мекемелерінде алғашқы әскери дайындықты және өмір қауіпсіздік негіздерін жетілдіру мақсатында 2011-2012 оқу жылының басталу туралы Павлодар қаласының Әкімдігінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 171/7 шешімін орындау үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2011 –2012 оқу жылында барлық жалпы білім беретін үлгідегі мектептерде алғашқы әскери дайындықты оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі № 693 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының базистік оқу жоспарын басшылыққа алсын.
2. «Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты негізінде жүргізілсін.
3. Мынадай сағат саны бекітілсін:
 - “Алғашқы әскери дайындық” бағдарламасы бойынша:
 - кіріспе сабақ – 1 сағат;
 - әскери қызмет негіздері – 110 сағат;
 - дала жиыны – 30 сағат;
 - бақылау сабақтары – 4 сағат.
4. Алғашқы әскери дайындық бойынша пайдаланылсын:
 - 10, 11 сыныптарда Қ.Р. Аманжолов, А.Б. Тасболатов және Д.К. Майхиевтің (қазақша, орыс, қазақ тілдерінде) “Алғашқы әскери дайындық” оқулығы, Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА, 2006;

- 10, 11 сыныптарда Қ.Р. Аманжолов, А.Б. Тасболатов және Д.К. Майхиевтің (қазақша, орыс, қазақ тілдерінде) әдістемелік басшылығы, Алматы, Мектеп, 2006,2007;
- 10, 11 сыныптарда Қ.Р. Аманжолов, А.Б. Тасболатов және Д.К. Майхиевтің (қазақша, орыс, қазақ тілдерінде) дидактикалық материалдары, Алматы, Мектеп, 2006,2007;
- 5. Дәрігерлік-санитарлық дайындық бойынша сабақтар бөлек өткізілсін. Сабақ өткізу үшін тек қана дәрігерлік білімі бар мамандар тартылсын.
- 6. **Мектеп басшыларына:**
 - алғашқы әскери дайындық жөнінде оқу- материалдық базаны жетілдіру жөніндегі жұмысы жалғастырсын;
 - алғашқы әскери дайындығымен және әскери-патриоттық тәрбиемен қамтамасыз етілсін және ұйымдастырылсын;
 - 2011-2012 оқу жылына жастардың алғашқы әскери дайындығы жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары бекітілсін;
 - алғашқы әскери дайындық дала-жаттығу жиыны арқылы жастармен ұйымдастырылсын;
 - алғашқы әскери дайындық сабағы жабдықталған кабинетте өткізілуі қамтамасыз етілсін;
 - қару-жарак сақтауға арналған бөлме, оқ ату тирі, саптық және денені дамыту сабақтарына арналған алаңдар қайта жабдықталсын;
 - алғашқы әскери дайындық кабинетінде басқа жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақ жүргізуге тиым салынсын;
 - қала мектептерінде тек қана АӘД оқытушы-ұйымдастырушылары мен дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері үшін бірыңғай әдістемелік күні бекітілсін (әр айдың сәрсенбі күні);
 - маман еместердің ӨҚН бойынша сабақ жүргізуіне тиым салынсын;
 - АӘД оқытушы-ұйымдастырушысының жұмыс орнында, әскери киімсіз жүруіне тиым салынсын.
- 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары Г.Ш. Шиндлярскаяға жүктелсін.

Бөлім бастығы


З. Мұқашева

Білім беру бөлімінің әдіскері
Райысов,326965

